

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША
Мемлекеттік емтихан билеттерінің сұрақтары

5B060900-География

1. Оңтүстік Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама: табиғат жағдайы мен ресурстарына баға беру. Шаруашылықтың маманданған салаларына сипаттама.
2. Қазақстанның топырақ жамылғысы. Оның таралу заңдылықтары. Азоналдық және интразоналық топырақтар.
3. Географиялық қабық дамуының жалпы заңдылықтары.
4. Қазақстанның отын-энергетика өнеркәсіптері: салалық құрамы, минералдық-шикізат базасы, орналасу факторлары, басты орталықтары.
5. Қазақстан аумағындағы мемлекеттік ерекше қорғауға алынған аймақтары: ұлттық саябақтар, табиғи қорықтары.
6. Шетелдік Азияға физикалық-географиялық сипаттама
7. Қазақстанды экономикалық-географиялық аудандастыру. Аудандастыру принциптері, әкімшілік-аумақтық құрылымы.
8. Қазақстанның тамақ өнеркәсібі: салалық құрамы, шикізат базасы, орналасу факторлары, басты орталықтары.
9. Солтүстік Америкаға физикалық-географиялық сипаттама
10. Қазақстанның агро-өнеркәсіптік кешені: салалық құрамы мен маңызы, шикізат базасы.
11. Дүниежүзі саяси картасының қалыптасуы және қазіргі мемлекеттер типологиясы.
12. Аустралияға физикалық-географиялық сипаттама.
13. Қазақстан тауларындағы биіктік белдеулер. (Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу жотасы, Тянь-Шань).
14. Литосфералық плиталар қозғалысы теориясының басты қағидалары.
15. Қазақстан климатына жалпы сипаттама және климаттық аудандастырылуы
16. В.И. Вернадскийдің биосфера жайлы ілімі. Биосфера туралы жалпы географиялық заңдылықтар.
17. Оңтүстік Америкаға физикалық-географиялық сипаттама
18. Географиялық карталардың мазмұны мен ерекшеліктері, олардың ғылыми және қолданбалы мәні. Карталардың жіктелуі. Географиялық атластар.
19. Экономиканың дамуындағы көліктің маңызы мен ролі. Дүниежүзі елдерінің қазіргі көліктік жүйесі.
20. Қазақстан жеріндегі атмосфералық жауын-шашынның таралуы және жылдық мөлшері. Оның жыл мезгілдері бойынша өзгеруі. Жауын-шашынның табиғатқа әсері.
21. Дүниежүзілік мұхит сулары және олардың қасиеттері. Негізгі ағыстар және олардың маңызы. Мұхитты қорғау және оның проблемалары.
22. Қазақстанның өсімдік шаруашылығы: салалық құрамы, маңызы, ауыл шаруашылығына жарамды жердің құрылымы, дақылдардың басты таралған аудандары.
23. Адамзаттың ғаламдық проблемалары: шикізат, дүниежүзілік мұхит байлығын және ғарышты игеру.
24. Қазақстан өнеркәсібіне сипаттама: маңызы, салалық құрамы, оның қазіргі жетекші салаларының даму жағдайы. Қазақстан өнеркәсіп салаларындағы шетелдік инвесторлар.
25. Қазақстанның табиғатын зерттеудегі Ш. Уалихановтың ролі. Еңбектері
26. Топонимика-географиялық атаулар туралы ғылым.
27. Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібіне сипаттама: салалық құрамы, шикізат көздері, орналасу принциптері

28. Қазақстанның геологиялық құрылысы. Негізгі тектоникалық құрылымы: кембрийге дейінгі және эпигерциндік платформалар, палеозойлық (каледондық және герциндік) қатпарлы облыстар.
29. Қазақстан географиялық орны және оның табиғаттың аумақтық ерекшеліктеріне әсері.
30. Жер-Күн жүйесінің планетасы. Жердің айналуы және оның салдары
31. Табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстарына баға беру. Табиғат ресурстарының топтастырылуы (Қазақстан мысалында).
32. Жер шарындағы су айналымы, оның негізгі бөліктері мен маңызы. Беткі ағын, оның су айналымындағы ролі.
33. Қазақстанның электр энергетикасы: энергия көздері, орналасу факторлары, энергожүйелер, ірі электр станциялары.
34. Батыс Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама. Табиғат жағдайы мен ресурстарына баға беру, экологиялық проблемаларының шешілуі. Маманданған шаруашылық салаларына сипаттама.
35. Климат қалыптастырушы негізгі факторлар (күн радиациясы, төсеніш бет, атмосфералық циркуляция).
36. Қазақстанның қара металлургиясы: шикізат базасы, орналасу принциптері, комбинаттардың түрлері, ірі орталықтары.
37. Қазақстанның жер бедері және олардың типтері. Қазіргі жер бедерінің қалыптасуына неотектоникалық процестердің әсері.
38. Жер шарының климаттық белдеулері. Олардың сипаттамасы
39. Қазақстанның химия өнеркәсібі: маңызы, салалық құрамы, шикізат базасы, орналасу принциптері, басты орталықтары.
40. ТМД елдерінің экономикалық, саяси байланыстарының даму проблемалары және оның болашағы.
41. Қазіргі географияның ғылымдар жүйесіндегі орны. География және оның басты салалары.
42. Қазақстанның жер асты сулары. Минералды және термальды сулар. Жер асты суларының шаруашылық маңызы.
43. Постиндустриалды елдер дамуының негізгі белгілері мен тенденциялары
44. Қазақстанның машина жасау кешені: маңызы, салалық құрамы, қазіргі даму жағдайы, ірі кәсіпорындар.
45. Қазақстанның табиғат зоналары. Олардың қазіргі жағдайына кешенді сипаттама. Табиғат зоналарының таралу заңдылығы.
46. Солтүстік Мұзды мұхитқа физикалық-географиялық сипаттама (физикалық-географиялық орны, түпкі жер бедері, климат, ағыстары, органикалық дүниесі, табиғат ресурстары).
47. Халықаралық, экономикалық, саяси және т.б. ұйымдар: олардың құрылу мақсаты мен міндеттері.
48. Адамзаттың ғаламдық проблемалары. Шикізат және азық-түлікпен қамтамасыз ету. Дүниежүзілік мұхит байлықтарын игеру.
49. Қазақстанның мал шаруашылығы, қазіргі даму жағдайы. Мал түрлерінің негізгі таралған аудандары., оған әсер ететін факторлар.
50. Дамушы елдердің типтері және экономикалық дамуының негізгі белгілері
51. Қазақстанның көлдері, олардың таралу ерекшеліктері. Көл қазан шұңқырларының типтері. Ащы және тұщы көлдер. Көлдердің шаруашылықтағы маңызы.
52. Жер бедерінің қалыптасуындағы тектоникалық процестердің ролі. Неотектоника туралы түсінік.
53. Қазақстан Республикасының экономикалық-географиялық жағдайы және оның тәуелсіздік алғаннан кейінгі геосаяси және геоэкономикалық жағдайындағы өзгерістер.
54. Адамның шаруашылық әрекеті әсерінен табиғаттың өзгеруі. Антропогендік және мәдени ландшафтар.

55. Орталық Қазақстан ауданына экономикалық-географиялық сипаттама. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстарына баға беру, шаруашылығының маманданған салаларына сипаттама.
56. Қазақстанның рекреациялық ресурстары. Рекреациялық шаруашылықты қалыптастырудағы ролі.
57. Климаттың қазіргі ғаламдық проблемалары.
58. Солтүстік Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама: табиғат жағдайы мен табиғат ресурстарына баға беру, шаруашылығының маманданған салаларына сипаттама.
59. Халықаралық экономикалық интеграция және дүниежүзілік шаруашылықтың ғаламдануы
60. Жер бедерін қалыптастырушы эндогендік және экзогендік факторлар.
61. Өтпелі экономика тән елдер: шаруашылығының сипаты және даму ерекшеліктері
62. Қазақстанның көлік кешені: дамуының алғы шарттары, көлік түрлері, оларға тән ерекшеліктері. Негізгі магистральдары.
63. Қазақстанның өзен торы. Ағынның мұхитқа құятын және тұйық алаптары. Өзендердің қоректенуі және режиміне қарай бөлінуі. Өзендердің шаруашылық маңызы.
64. Ландшафт туралы ілім. Ландшафтардың морфологиясы, жіктелуі.
65. Жер бетінде атмосфералық қысымның таралуы және желдердің басым бағыттары.
66. Дүниежүзі тұрғындарының географиясы. Дүниежүзіндегі халықтың орналасу проблемалары.
67. Мұхит аралдарында физикалық-географиялық сипаттама. Табиғатының өзіндік ерекшеліктері.
68. Қазақстан тауларындағы қазіргі мұз басулар. Таралу ерекшеліктері. Қар сызығының биіктігі. Мұздықтардың өзендердің қоректенуіндегі ролі.
69. Жер шарының географиялық белдеулері және табиғат зоналары. Зоналылықтың дамуына әсер етуші факторлар. Зоналар арасындағы ландшафтық айырмашылықтар.
70. Қазақстан Республикасы халқының орналасуындағы негізгі ерекшеліктер: халқының саны, тығыздығы, этностық құрамы, еңбек ресурстары, елді мекендер типтері.
71. Антарктика және Антарктида. Физикалық-географиялық сипаттама.
72. Шығыс Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама. (табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары, шаруашылығының маманданған салалары.).
73. Африкаға физикалық-географиялық сипаттама.
74. Қазақстанның түсті металлургиясы: салалық құрамы., минералды шикізат базасы, орналасу факторлары, негізгі орталықтары. Қазақстан мен ТМД экономикалық кеңістігіндегі оның алатын орны мен маңызы.
75. Топырақ. Топырақ туралы В.В. Докучаев ілімі. Топырақ қалыптастырушы факторлар.
76. Шетелдік Еуропаға физикалық-географиялық сипаттама.
77. Қазақстанның өсімдік жамылғысы. Эндемик өсімдіктері. Өсімдіктерді қорғау жолдары.
78. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі және дүниежүзілік шаруашылық.
79. Дүниежүзі халықтарының орналасуы. Қалалық және ауылдық елді-мекендер, урбанизация.
80. Картографиялық проекциялар және олардың түрлері.
81. Картаның математикалық негізі. Географиялық ендік және бойлық.
82. Минералдар және тау жыныстары. Тау жыныстарының жіктелуі.
83. Атмосфера. Құрамы және құрылысы. Атмосфераны қорғау проблемалары.
84. Жер планетасы. Пішіні және өлшемі. Жердің ішкі құрылысы.
85. Құрлық сулары. Су ресурстары. Жер шарындағы тұщы су проблемасы.
86. Гидросфера, оның негізгі бөліктері. Гидросфераны қорғау проблемалары.

87. Б.П. Алисов бойынша климаттық белдеулер және облыстар. Негізгі белгілері.
88. Географиялық қабық. Құрамы мен құрылымы. Негізгі заңдылықтары
89. Жаңа индустриялы елдер. Дүниежүзілік шаруашылықтағы ролі.
90. Жер қыртысының геологиялық даму кезеңдері. Геохронологиялық кесте.

Елтану және туризм кафедрасының меңгерушісі
г.ғ.д., профессор Каймулдинова К.Д.